АКТУАЛЬНО

ПРОБЛЕМЫ СО СВАЛКАМИ И СОХРАННОСТЬЮ ГОРОДСКИХ ДЕРЕВЬЕВ ОБСУДИЛИ НА ЗАСЕДАНИИ КАРАГАНДИНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

18 июня прошло совместное заседание постоянных комиссий городского маслихата. Обсуждали состояние экологии в Караганде, выявление и ликвидацию несанкционированных свалок, а также работу по охране окружающей среды и сохранению зеленых насаждений. Заседание провел председатель постоянной комиссии по вопросам законности и прав человека Равиль Садыков.

В ходе заседания был затронут вопрос об отсутствии комплексной работы по внедрению дендрологического плана со стороны аппаратов акима районов имени Казыбек би и Алихана Бокейхана.

- Деревья в городе вырубаются. Масса запросов. Много уполномоченных органов вроде как ответственны. Много есть нормативно-правовых актов на эту тему. Дендроплан вроде бы как он есть, а вроде его и нет, - отметили в маслихате. - Это прямая ответственность акимов двух районов. Если бы дендроплан работал, была бы четкая инвентаризация всех деревьев, поставленных на баланс, то работа пошла бы. Вырубка произошла, полицейский приезжает, делает осмотр. Дальше возникает вопрос о привлечении к административной или уголовной ответственности. Здесь следователь сталкивается с вопросом, как получить отношение, от кого? Ни один орган не может дать отношение, потому что эти деревья бесхозные. Соответственно полиция отказывает. Вот такая работа в городе идет, в которой непонятно кто за что отвечает. По докладу управления природных ресурсов огромные деньги выделяются на озеленение территорий. Два района сейчас красиво отчитались столько-то посажено, а результат нулевой...

- Я считаю, что два района вообще работу провалили по реестру зеленых насаждений, - поддержал Равиль Садыков. - В прошлом году по 5 миллионов на район выделили. Работу не провели вот и результат. В докладе районных акиматов мы не услышали необходимые отчеты по зеленым насаждениям, реестр непосредственно. Вы в прошлом году на таком же заседании заявляли, что надо утвердить генплан, оттуда мы будем шагать к дендрологическому плану. Генплан мы утвердили. Какая работа проходит по дендрологическому плану?

Выяснилось, что по дендрологическому плану работа пока не ведется. На заседании выступил также Денис Сирман - биолог и член временной комиссии по мониторингу и сохранению зеленых насаждений в Караганде. На протяжении получаса он перечислял множество проблем связанных с содержанием деревьев в городе.

Например, «незаконная подрезка» деревьев предпринимателями, которая приводит к повреждениям и гибели растения.

Несоблюдение норм содержания насаждений. Это касается, акиматов, отдела архитектуры, дорожных служб и строителей. Часты случаи, когда укладывается асфальт на тротуарах или строится новое сооружение в недопустимой близости к корням и стволу деревьев. Не соблюдаются положенные нормативы.

Санитарная подрезка, по словам, эксперта, делается некачественно. В результате город теряет насаждения.

Из последних проблем - поражение вредителями. На деревья в городе напали два вида гусеницы Пяденицы, и яблочная моль. Акиматы и управление парков, по мнению, Дениса Юрьевича не были готовы к данной ситуации. Еще одна боль - аварийные деревья, которые наносят ущерб, в частности, автовладельцам и провоцируют судебные процессы горожан с акиматами.

Много претензий у эксперта и к коммунальным службам, которые при проведении работ, в частности по уборке снега, повреждают кору деревьев. Это обычно не приводит к немедленной потере дерева. Но существенно сокращает срок его жизни, дерево может заболеть.

Что касается компенсационной посадки. Больше половины из этих древесных насаждений после передачи в городскую среду под ответственность акиматов погибает, по информации от Дениса Сирмана. Виной всему неграмотный и некачественный уход. К примеру, дерево должно быть проштамбировано. Должен быть приствольный круг, куда должна стекать вода. Необходимо также профессионально формировать крону дерева.

Эксперты провели 10 обследований и только в двух случаях нормативы более или менее выполнялись. В остальных случаях город получает компенсационные посадки, которые могут погибнуть. А должен получать уже ухоженные, чтобы не надеяться только лишь на мягкую погоду, которая отчасти может спасти эти деревья. По словам биолога, не исполняют, компенсационщики и нормативы при самой посадке: не соблюдается и сам посадочный материал, и размеры ям, которые делают под посадку. Также мешает росту деревьев чрезмерное применение химикатов при борьбе с обледенением пешеходной части в зимний период. В некоторых местах содержание данных солей превышает норму в 21 раз!

В конце своего доклада Денис Сирман порекомендовал ввести в состав районных акиматов отдельного специалиста с соответствующими знаниями, чтобы он занимался так называемой работой в полях. Сейчас у сотрудников, которые работают по зеленым насаждениям, не хватает ни времени, ни академических знаний, чтобы потянуть данную работу, считает эксперт.

Много было сказано депутатами на заседании о внутридворовых и несанкционированных частных свалках. За много лет по несанкционированным свалкам выработан алгоритм, протокол. Народные избранники передают информацию о них районным акиматам. Акиматы должны подать свалку на делирикцию на полгода и потом за счет эмиссионных денег свалка должна быть устранена. Деньги есть, этапы выработаны. Но почему-то дальше вопрос не сдвигается. Управлению природных ресурсов материалы не передаются. И свалки остаются на месте.

- На сегодняшний день там, где внутридворовые свалки, уже крысы бегают. Тариф на вывоз мусора подняли, но ситуация не изменилась. И это не вопрос акимата. Это не нормально, что мы жалуемся в акимат на услугодателя, которому мы сами платим. Нужно ставить во внимание услугодателя улучшение качества услуг. Акимат условия создал, мусорные баки купил. Но свалки есть. Может выезжать раз в месяц на контрольный выезд с депутатами. Чтобы не жители полицию вызывали, а мы комиссией приезжали и если есть свалка, вызывали на месте участкового и штрафовали. К акимату больше вопрос по свалкам крупногабаритным, несанкционированные свалки растут. Борются-борются, но ситуация не улучшается. Нужно, наверное, обращать внимание полиции. В одном месте убрали, в следующую весну, в другом месте появляется, - поведал депутат Дидар Ахмадин

Под конец встречи депутаты предложили поставить под сомнение отчеты районных акиматов в сфере зеленых насаждений, по некоторым вопросам вынести представление городскому акимату о не выполненной работе, а также решили учесть все озвученные проблемы и возвращаться в будущем ко всем перечисленному списку, пока все не будет решено.

Антон Иванов

Незаконная подрезка зеленых насаждений

Улица Ермекова

Улица Дюсембекова

Улица Ленина

Микрорайон Степной

Повреждение деревьев в результате строительных или уборочных работ



Қарағанды қалалық мәслихатында

ЭКОЛОГИЯ ОЛҚЫЛЫҚТАРЫ ОЙЛАНДЫРДЫ

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында Қарағанды қаласындағы экологиялық жағдай, қоршаған ортаны қорғау және жасыл желекті сақтау жөніндегі жұмыстар туралы мәселе қаралды.

Бірлескен отырысты қалалық мәслихаттың тқрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов ашты. Одан әрі қалалық мәслихаттың заңдылық және адам құқықтары мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Равиль Садықов жүргізді.

Алғашқы сөз Қарағанды облысы бойынша экология департаменті басшысының міндетін атқарушы Айман Құлатаева алып, облыс бойынша жалпы шығарындылар көлемі өткен 2024 жылы 474,1 мың тонна болып, мұның бұрнағы жылмен салыстырғанда 1,2%-ға төмендегенін атап өтті. Ал, Қарағанды қаласының өзінде 2024 жылы шығарындылар көлемі 35,9 мың тонна (бұрнағы жылы 37,6 мың тонна) болған. Қаланың негізгі экологиялық проблемасы жеке сектордың шығарындылары салдарынан атмосфералық ауаның газдануы болып табылады, ондай үйлердің саны 25 мың үйден асады, яғни бұл жалпы үйлер санының 90% болып табылады. Қарағанды қаласын газбен жабдықтау жобасы бойынша 2023 жылы бюджеттен 2,5 млрд. теңге бөлінген. Қала бойынша газ тарату желісі 6018 жеке тұрғын үйге берілген. Өткен жылы газбен жабдықтау жобалары бойынша қалаға бюджеттен 1 млрд. теңге бөлінді.

Қаланың атмосфералық ауасын жақсарту үшін жеке секторлардың газға көшуін, шағын және орта бизнесті жылу орталығына қосуды жеделдету қажет. Бұл қаланың экологиясын айтарлықтай жақсартады. Қарағанды қаласын газдандыру 16 іске қосу кешені мен 4 кезекті қамтиды.

Қаладағы рұқсат етілмеген қатты қалдықтар үйінділерін шығару жұмысында да олқылықтар бар. Ондай орындарды анықтайтын «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ-ның түсірілімдері уақытымен жасалмайды. Соған орай ондай орындарды анықтауды біздің департаменттің өзі жүргізіп жатыр. Сондай мақсатта биылғы жылдың өзінде бірнеше сапар жасалды. Соның нәтижесінде қоқыс төгуге рұқсат етілмеген 21 орын анықталды. Оның үшеуі Әлихан Бөкейхан ауданында болса, 18-і Қазыбек би атындағы ауданда орналасқан. Аталған үш қоқыс орнындарында тазарту жұмыстары жүргізілді. Дегенмен әлі де 15 орын жойылған жоқ. Олардың барлығы да Қазыбек би атындағы аудан аумағында.

Құрылыс қалдықтары полигондарын ашу қажет. Ол мәселе жергілікті атқарушы органдар деңгейінде кешенді түрде жүзеге асырылуын талап етеді. Департамент оны тиісті уәкілетті органдар алдында қарауға бірнеше рет бастамашылық жасады. Құрылыс қалдықтарын қабылдаумен «Қалдықтарды басқару жөніндегі Қазақстандық оператор» ЖШС және «Эколидер» ЖШС айналысуы мүмкін, өйткені олар жинаған қалдықтарды сұрыптап, жарамдыларын мамандандырылған ұйымдарға береді. Сөйтіп, екінші рет пайдалану мүмкіндіктерін тудырады.

Тазарту құрылғылары мен кәріз желілерінің жай-күйі де онша қанағаттанарлық емес. Мұндай құрылғалар кейбір жерлерде мүлде жоқ деп айтуға болады. Ондай жағдайда сарқынды сулар сапасыз тазартылады, ластаушы заттарымен қоса сыртқа төгіледі. Тазарту құрылғыларының жұмысын «Қарағанды-Су» ЖШС жүзеге асырып, сарқынды сулар мен су қоймалары мен құбырлардағы судың сапасына жауап береді. Өткен ғасырда салынған кәріздік тазарту құрылғыларының тозуы суды 100% тазартуға мүмкіндік бермейді. Департамент бір жыл ішінде 13 жоспарлы, 22 жоспардан тыс және экологиялық талаптарға сәйкестікке 2 тексеру жүргізді. Сондай шаралар кезінде 10 487 362 теңге көлемінде айыппұл салып, оны өндіруді жүзеге асырды.

Қатты қалдықтардың шығарылуын бақылау мақсатында мониторингтің автоматтандырылған жүйесін (МАЖ) орнату қажет. Қазіргі кезде облысымызда осындай жүйе 12 кәсіпорынға орнатылуы керек. Сонда ол жүйе Қоршаған орта мен табиғи ресурстар жүйесінің Ұлттық деректер банкіне (ҚОС және ТР ҰДБ) шығарындылар мен төгінділер жөнінде ақпарат беріп отырады. Ондай кәсіпорындар: «Qarmet» АҚКД, «Nova Novatis Ltd» ЖК (бұрынғы «Bassel Group LLS» ЖШС), «Kazakhmys Energy» ЖШС БЖЭО, «Топар бас энергия тарату станциясы» ЖШС, «Шахтинскжылуэнерго» ЖШС, «Қарағанды Су» ЖШС, «Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС, «Теміртау электрометаллургия комбинаты» АҚ, «Kazakhmys Smelting» ЖШС БМЗ, «Карцемент» АҚ, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС «Балқаштүстіметалл» ӨБ-нің «Саяқ» кеніші, «Коммуналдық» ЖШС сияқты кәсіпорындар.

Курьяновка ауылында «Алтын Жага» ЖШС медициналық қалдықтарды инсинератор пешінде жағу арқылы кәдеге жарату кәсіпорындары жұмыс істеген болатын. Департамент тексеру жүргізген соң инсинератор пешінің ондай жұмыстар жүргізуге жарамсыздығы анықталып, одан әрі пайдалануға тыйым салды.

Үздік қолжетімді технология (ҮҚТ) – бұл қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін қамтамасыз етке дейін шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге бағытталған ұйымдастырушылық және басқарушылық шараларды қамтамасыз ететін, пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, техника мен жабдықтар.

Осыған орай ҚР Үкіметі 2022 жылы «Қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша неғұрлым ірі бірінші санаттағы елу объектінің тізбесін бекіту туралы» қаулысы қабылданып, оған біздің облыстан «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС (№3 ЖЭО) енгізілді. Сондықтан бұл кәсіпорын ҮҚТ-ға өту кезінде өнеркәсіптік эмиссияға салынатын салықтық экологиялық төлемдерден босатылады, оған өтпеген кәсіпорындар үшін экологиялық төлемдер біртіндеп 2, 4 және 8 есе ұлғайтылатын болады.

Бұдан соң Экология жөніндегі уақытша комиссияның мүшесі Денис Сирман сөйлеп, көптеген мәселелердің бетін ашты. Атап айтқанда, аумақты көгалдандыру, кесілген ағаштардың орнына өтем ретінде жаңадан ағаштар мен көшеттер отырғызу жұмыстарындағы кемшіліктерге тоқталды. Ол өзінің сөзін жай айта салған жоқ, түсіріп әкелген бейне-фото көріністермен дәлелдеп отырды. Комиссия кейбір кәсіпорындардың өтем ретінде ағаш отырғызу міндеттерін ұмытып кеткендігін, өсіп тұрған ағашты заңсыз отау фактілерін тілге тиек етті. Мәселен, Архитектурная көшесі 18/1 үй мекен-жайы бойынша (жұмыс істемейтін АЗС аумағы) жер телімінде өсіп тұрған 27 үйеңкі ағашын (жалдаушы Д.М.Шляпкин деген азамат) әкімдіктің рұқсатынсыз отап тастаған. Жасыл желекті жойғаны (шапқаны) немесе оның қурап қалуына әсер ететін зиян келтіргені үшін базалық ставканың он бес есе көлемінде өтемақы төлеу талап етіледі. Аудан әкімдігі тиісті жаза қолдану үшін Октябрь полиция бөліміне қатынас жолдаған.

Бұдан соң Қазыбек би атындағы аудан әкімінің орынбасары Дидар Қабаев ақпарат берді. Аудан бойынша 2021 жылы бюджет қаражаты есебінен сатылып алынған 772 дана көшет (қарағай, терек, қайың, алма ағашы) отырғызылған. Сол жылы 87 ағашты кесуге 5 рұқсат берілген. Соның өтемі ретінде 435 дана ағаш отырғызылған. Қазіргі кезде ол ағаштар тамыр жайып, өсіп тұр. Келесі 2022 жылы бюджет қаражаты есебінен 503 дана терек ағашын, 16 дана қарағай тұқымды ағаш егілген. Бұл жылы 146 ағашты кесуге 10 рұқсат берілген. Оның өтеміне 1340 дана ағаш отырғызылып, олар қазір толығымен өсіп келеді. 2023 жылы 67 ағашты кесіп тастауға 7 рұқсат беріліп, оның өтеміне 841 ағаш отырғызылды. Олар да өсіп жатыр. Сол жылы «BI Group» ЖШС әуежай аймағында 1000 ағаш отырғызды. Сарыарқа көшесі бойында мердігер ұйым 591 көшет отырғызды. Олар да жақсы тамыр жаюда. Ал, 2024 жылы 458 ағашты кесуге 28 рұқсат берілген болса, өтеміне 980 ағаш отырғызған. Биылғы 2025 жылы 853 ағашты кесуге 17 рұқсат берлген. «BI Group» ЖШС Ленин кинотеатры маңына бұдан басқа 620 көшет отырғызды. Бұлардың барлығы өсіп тұр. Жалпы, 2025-2026 жылдары 11033 дана ағаш отырғызу көзделуде.

Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің орынбасары Әлібек Дүйсембековтің хабарламасы да тыңдалды. Бүгінде аудан бойынша қоршаған ортаны жақсарту бағытында нақты істер атқарылуда. Ағаштар мен гүлдер отырғызылып, рұқсатсыз қоқыс үйінділерінен тазартылып жатыр. Контейнерлік алаңдар ретке келтіріліп, деретизация және дезинсекция жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Өткен, 2024 жылдың қараша айында көгалдандыру жөнінде ауқымды жұмыстар атқарылған, сол шара аясында 5820 терек, қайың, қарағаш, үйеңкі тұқымды ағаштардың көшеттері отырғызылған. Жұмыстың барлығы «Кедергісіз Биік» ЖШС мердігерлік ұйымымен келісім-шартқа сәйкес 150 156,78 мың теңге сомасына атқарылған. Биылғы жылдың сәуір айында аудан әкімі Аппаратының мамандары ағаштардың тамыр алуын тексеру мақсатында рейдтер жасады. Қараудың нәтижесінде отырғызылған көшеттердің 95% тамыр жайғаны анықталды. Тамыр жаймаған 5%-ын (291 көшет) кепілдік міндеттемеге сәйкес мердігер ұйым қайта отырғызатын болды. Бұдан соң аудандағы деретизация және дезинсекция жұмыстары туралы айтылды.

Баяндамашылар мен ақпрат берушілерге депутаттар мәселеге қатысты әр түрлі сұрақтар қойды, өздерінің пікірлерін ортаға салды. Олар рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін анықтау және оларды шығару, жасыл желектерді сақтау, сондай-ақ Қазыбек би атындағы және Әлихан Бөкейхан ауданы әкімдері аппараттары тарапынан дендрологиялық жоспар жасау және оны енгізу жұмыстарының болмауын қатты сынға алды.

Отырыстың соңында экологияға қатысты бұл мәселе сала мамандарының қатысуымен қайта қарау керек деген қаулы қабылданды.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ